Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда:Сатып алынатын Қызметтердің тізбесі (Шартқа №1 қосымша)Техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша)Ішкі елдік құндылық үлесін есептеу нысаны (Шартқа №3 қосымша)Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде қызметтерді Орындаушы тартқан қосымша орындаушы туралы ақпарат (Шартқа №4 қосымша)Шарттың орындалуын қамтамасыз ету құжаттарының нысандары (Шартқа №5 қосымша)Орындаушы Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтерді көрсету кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтардың тізбесі (Шартқа №6 қосымша)Өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат (Шартқа №7 қосымша)Бейрезиденттерге төленетін қызмет көрсетуден алынатын табыстың нақты алушысын растауға арналған сауалнама (анкета) (Шартқа №8 қосымша).

1.3. Осы Шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер Шартқа техникалық ерекшелікте (бұдан әрі – № 2 қосымша) көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

1.4. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жеткізуші кодексінің (бұдан әрі – Жеткізуші кодексі) мазмұнын мұқият зерделегенін және түсінгенін;Өзінің Жеткізуші кодексіне толық сәйкестікте әрекет ететінін растайды.Орналастырылған Жеткізуші кодексіне апаратын жол (сілтемелер):https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Алдын ала төлем - 0%. Аралық төлем - 0%. Түпкілікті төлем - 100%.

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Электрондық құжат нысанындағы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі бойынша ішкі елдік құндылықтың есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самрук-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық нысандағы шот-фактура;

2.4.3. Көрсетілген қызметтер актісінің түпнұсқасы;

2.4.4. өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісі;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Көрсетілген қызметтер актісіне (-леріне) Шарт Тараптары ҚР заңнамасында көзделген нысан бойынша қағаз жеткізгіште қол қояды.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапты болмайды.

2.8. Қызметтер толық көлемде көрсетіліп аяқталғаннан кейін Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін жасайды және оған қол қояды.

2.9. Қызметтер Орындаушының күшімен және құралдарымен (Орындаушының материалдарын, жабдықтарын пайдалана отырып, оның күштері мен қаражаты есебінен) көрсетіледі. Орындаушы қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасы үшін жауапты болады.

2.10. Орындаушының нақты шығыстары Шарттың Жалпы сомасын анықтау кезінде ескерілген шығыстардан аз болған жағдайда (үнемдеу) (үшінші тұлғалардың шығыстарын төлеу, салықтар, баждар және т.б.), Тапсырыс беруші Орындаушы алған үнемдеу сомасына Шарттың Жалпы сомасын азайтуды талап етуге құқылы.

2.11. Бейрезиденттермен көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу салық заңнамасын ескере отырып, келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

2.11.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Орындаушыдан төлем көзінен ұсталатын салықты ұстап қалады. Орындаушы Шарттың 2.11.2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан және Шартқа №8 қосымша болып табылатын Сауалнамада көрсетілген ақпаратты талдағаннан кейін, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Үкіметі мен [Орындаушының резиденттік елі көрсетілсін] Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияда (бұдан әрі – Конвенция) көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін немесе салықтан босататын норманы қолдануға не қолданбауға құқылы;

2.11.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің Конвенцияда көзделген салық салу тәртібін қолдануы мақсатында бірінші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғанға дейін резиденттікті растайтын құжаттың түпнұсқасын, құрылтай құжаттарының нотариаттық куәландырылған көшірмелерін (орыс тіліне аудармасымен), сауда тізілімінен үзінді көшірмені және бейрезидентке төленетін қызметтерді көрсетуден алынатын табыстың іс жүзіндегі (нақты) иеленушісін растауға арналған толтырылған сауалнаманы (анкетаны) (Сауалнама) ұсынуға міндеттенеді.Осы Шарт бойынша қызметтерді көрсетуге үшінші тұлғалар тартылған жағдайда, Орындаушы бірінші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғанға дейін олардан жоғарыда аталған құжаттарды талап етіп алуға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді;

2.11.3. Қазақстан Республикасының салық органдары Тапсырыс берушінің Конвенцияны қолдануына байланысты Орындаушы туралы қосымша ақпаратты талап еткен жағдайда, Орындаушы мұндай ақпаратты Орындаушының келесі мекенжайлар бойынша электрондық поштасына сұрау салу жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндеттенеді: [Орындаушының жауапты тұлғаларының екі мекенжайы көрсетілсін].Қазақстан Республикасының салық органдары Орындаушының Шарттың 2.11.2-тармағы бойынша толық емес немесе бұрыс ақпарат ұсынуы себебінен салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге Орындаушының табысынан салықты қосымша есептеген жағдайда, Орындаушы мұндай қосымша есептеуге және салықтарды, өсімпұлдарды, айыппұлдарды төлеуге байланысты шеккен барлық шығыстарды өз мойнына алуға және Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

2.12. Төлем нысаны: ақшаны Орындаушының есеп айырысу шотына аудару және/немесе қарсы талаптарды есепке жатқызу.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері, шарттары, көлемі мен орны Шартқа №1, 2 қосымшаларға сәйкес анықталады.

3.2. Тапсырыс беруші Қызметтерді көлемі мен сапасы бойынша Шартқа № 1, 2 қосымшаларға сәйкес Көрсетілген қызметтер актісімен қабылдайды. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күн Қызметтерді көрсету күні деп есептеледі.

3.3. Қызметтерді көрсету мерзімі басталған күні: Шартқа қол қойылған күннен бастап, аяқталған күні: 31.12.2026 жылғы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.2.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.1.1. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық нысандағы шот-фактура;

4.1.2.1.2. Веб-порталда электрондық түрдегі, сондай-ақ міндетті тәртіппен қағаз жеткізгіштегі көрсетілген Қызметтер актісінің түпнұсқасы.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан 3% мөлшерінде, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна түрінде не Шартқа 5-қосымшаға сәйкес ресімделген банктік кепілдік түрінде не Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес ресімделген және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған сәтке дейінгі қолданылу мерзімімен өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты түрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу.Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Орындаушы сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайлар қосымша болып табылады. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі.Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес ауыстырмаса, онда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан осы тармақта көзделген тәртіппен біржақты тәртіппен бас тартады;* ШОҚ/АВА түрін таңдау кезінде шартта кепілдік ақшалай жарнаны немесе банктік кепілдікті/сақтандыру шартын енгізу көрсетіледі.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.5. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсету. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды деңгейі тең мамандармен ауыстыра алады (сатып алу тендер тәсілімен өткізілген жағдайда көрсетіледі);

4.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.11. Қызметтерді көрсетуге еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды жіберу (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді);

4.1.12. Өз қызметкерлерін мерзімді медициналық тексеруден өткізуді, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізу (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді);

4.1.13. Өз қызметкерлерін Қызметтерді қауіпсіз көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын жағдайда ғана белгіленеді);

4.1.14. Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсету үшін берген мүліктің сақталуын, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.15. Өз қызметкерлерін және қосымша мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін Тапсырыс берушінің ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) қызметіне кіріспе нұсқамадан өту үшін жіберу;

4.1.16. Қызмет көрсету объектісінде жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4.1.17. Жоғары қауіптілік жағдайларында қызметтерді көрсету (жұмыстарды жүргізу) кезінде наряд-рұқсаттарды қолдану;

4.1.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тергеп-тексеру комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса отырып, оқиғалар себептеріне тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ресімдеу;

4.1.19. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Орындаушының Тапсырыс берушінің ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) саласындағы талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа №6 қосымшаға сәйкес Орындаушының Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтерді көрсетуі кезіндегі ӨҚ талаптарын бұзушылықтар тізбесіне сәйкес айқындалатын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) Тапсырыс берушіге төлеу;

4.1.20. Тапсырыс берушіден алынған, қызмет көрсету объектісінде қолданылатын өрт қауіпсіздігі (ӨҚ) саласындағы Тапсырыс берушінің стандарттарымен, регламенттерімен, нұсқаулықтарымен және басқа да құжаттарымен өзінің қызметкерлерін, осы Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін тартылатын үшінші тұлғаларды қол қойғыза отырып таныстыру;

4.1.21. Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша осы Шартқа №7 қосымшаға сәйкес «Өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат» нысаны бойынша ӨҚ жөніндегі ақпаратты ұсыну;

4.1.22. Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілген тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-әрекеттерін әзірлеу және орындау.

4.1.23. Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарттың ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) саласындағы талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін, соның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру. Бұл жағдайда қызмет көрсетудің тоқтатыла тұруы Орындаушының кінәсінен болған бос тұрып қалу болып табылады.

4.1.24. Тапсырыс берушіге Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы, Шартты орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдары туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлау;

4.1.25. Тапсырыс берушіден тиісті сұратуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Қызметтердің көрсетілу барысы туралы есепті ұсыну;

4.1.26. Шартты орындау шеңберінде тартылған қосымша орындаушы туралы ақпаратты Шартқа №4 қосымшаға сәйкес ұсыну;

4.1.27. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін рұқсат беру құжаттарының, авторлық құқықтардың және лицензиялардың болуын қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай талаптар белгіленген жағдайда көрсетіледі);

4.1.28. Тапсырыс берушіден Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына жүргізілген мониторинг нәтижелерін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аталған мониторингте көрсетілген ескертулерді/кемшіліктерді жою;

4.1.29. Тапсырыс берушіден сұратуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге қосымша орындаушылар және үлестестік бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін ұсыну;

4.1.30. Барлық қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) және аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз ету, оффшорлық аймақтарда түпкілікті бенефициардың тіркелуін тексеру;

4.1.31. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс есептелген/алынған/өткізу бойынша айналым орын алған күннен бастап 5 жыл ішінде салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау;Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс есептелген/алынған/өткізу бойынша айналым орын алған күннен бастап 5 жыл ішінде өзінің 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің басқа шарттар мен мәмілелер бойынша салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз ету;Орындаушы жасасатын шарттарға Орындаушы контрагентінің және оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің жасасылған шарттың/шарттардың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс есептелген/алынған/өткізу бойынша айналым орын алған күннен бастап 5 жыл ішінде салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау жөніндегі міндеттемелеріне қатысты талаптарды енгізу.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.32. Қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу. Қызметтер шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін Кәсіпкерлердің ұлттық палатасымен (ҰКП) келісу бойынша Қордың сатып алу жөніндегі Операторы бекітеді;

4.1.33. Орындаушы осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өзінің ақшалай талабын ақшалай талапты беруді қаржыландыру шарты (факторинг) (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша қаржы агентіне бермеуге міндеттенеді;

4.1.34. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрату алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды ұсыну:Факторинг шартының нотариуспен куәландырылған көшірмесін;Орындаушы тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды.

4.1.35. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Жеткізуші кодексінің талаптарын сақтау:https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/;Қызметтер көрсету басталғанға дейін Орындаушы қызметкерлерінің, қосалқы мердігерлердің, бірлесіп орындаушылардың қызметкерлерінің және осы Шартты орындауға тартылған өзге де тұлғалардың Жеткізуші кодексінің талаптарымен танысуын және оларды орындауын қамтамасыз ету.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету;

4.2.8. Тапсырыс берушіні алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, қабылданған міндеттемелерді үшінші тұлғаларға беру құқығынсыз бірлесіп орындаушылармен шарттар жасасу (бұл ретте бірлесіп орындаушылардың болуы Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы Шарт талаптарын өзгертпейді, Тапсырыс беруші Орындаушының бірлесіп орындаушылар алдындағы міндеттемелері бойынша жауапты болмайды). Бұл ретте Орындаушының бірлесіп орындаушыларға бірлесіп орындау үшін қызметтер көлемінің (Шарттың жалпы сомасының) жиынтығында төрттен бір бөлігінен астамын беруіне жол берілмейді.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару;

4.3.6. Қызметтер Шарттың талаптарына, соның ішінде мерзімдері бойынша сәйкес келмеген жағдайда, Көрсетілген қызметтер актісі бойынша Орындаушыдан Көрсетілген қызметтер актісін алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жолдау. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда, Орындаушыға оларды жою мерзімін және (немесе) Шарт сомасын азайтуды көрсете отырып, кемшіліктердің тізбесін жолдау;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3.7. Тапсырыс беруші Орындаушы Шарттың 4.1.33-тармақшасында көзделген міндетті бұзғаны үшін Шарттың 7.2.24-тармақшасында көрсетілген айыппұлды басқаға берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың қүнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Орындаушыдан Қызметтерді Шартта белгіленген көлемде, сапада және мерзімдерде көрсетуді талап ету;

4.4.7. Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысы мен сапасын бақылау мақсатында Орындаушыдан кез келген уақытта Қызметтердің көрсетілу барысы туралы ақпаратты сұрату;

4.4.8. Орындаушының және Орындаушы тартатын үшінші тұлғалардың осы Шарттың талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу (Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің өкілдері мен Орындаушының қызметкерлері қол қоятын тексеру актісінде тіркеледі);

4.4.9. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, жазбаша нұсқамамен бұзушылықтар жойылғанға дейін жалпы Қызметтерді көрсетуді немесе оның бір бөлігін тоқтата тұру туралы өкім беру;

4.4.10. Орындаушыдан қосымша орындаушылар және үлестестік бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін сұрату;

4.4.11. Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Орындаушыға шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан және (немесе) Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында жасасылған өзге де шарттар бойынша Орындаушы алдындағы өзінің өзге де кредиторлық берешегінен акцептсіз тәртіппен ұстап қалу;

4.4.12. Шарт жасасылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ Орындаушы Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігердің Шарттың 4.1.31-тармағында көзделген міндеттемені орындауына мониторинг жүргізу;

4.4.13. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Факторинг шартына қатысты тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы;

4.4.14. Тапсырыс беруші Орындаушы Шарттың қолданылу кезеңінде Жеткізуші кодексінде көзделген кепілдіктер мен мәлімдемелерді бұзған жағдайда, өзіне айыппұл санкцияларын (өсімпұл, айыппұлдар) қолданбастан, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес қол қою үшін Көрсетілген қызметтер актісін жолдайды.

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасына тексеру жүргізеді және 5 (бес) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісі бойынша қабылдап, осындай Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерде кемшіліктерді анықтаған жағдайда, сондай-ақ егер Қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы Шарт талаптарынан ауытқуға жол берсе, Тапсырыс беруші Орындаушыға анықталған кемшіліктер туралы жазбаша нысанда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

хабарлайды, ал Орындаушы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген барлық кемшіліктерді өтеусіз жоюға міндетті. Орын алған кемшіліктер және/немесе келіспеушіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер актісіне қол қояды.

5.4. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.5. Кемшіліктер осы Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды қолдануға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты туындаған шығындар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Көрсетілген Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын, қызметтердің аталған түрі бойынша тиісті сала бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы мемлекеттік стандарттарға/белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.2. Орындаушы Қызметтер көрсетілген Актіге қол қойылған күннен бастап 12 ай ішінде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер немесе Шарт талаптарына сәйкессіздіктер анықталса, Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Қызметтердің мемлекетішілік құнын есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.4. Орындаушы Шартта келісілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені бұзған әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.

7.2.5. Шарттың 5.3-тармағына сәйкес Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) баламалы соманы төлейді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс;

7.2.6. Шарт Орындаушының кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге осындай бұзудан келтірілген барлық шығындарды өтейді, сондай-ақ Шарттың жалпы сомасынан (лоттар болған жағдайда – міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лоттың (лоттардың) сомасынан) 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының Тапсырыс беруші немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік құқығында немесе сенімгерлік басқаруда тікелей немесе жанама түрде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тиесілі ұйым алдындағы берешектерінің (соның ішінде шығындар, тұрақсыздық айыбы және т.б. сомаларын) сомаларын Тапсырыс берушінің Орындаушы алдындағы кредиторлық берешегінің сомасынан және (немесе) енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің Орындаушы алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, шығындар, тұрақсыздық айыбы сомаларын соңғысы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлейді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.8. Шарттың 6.3-тармағында көзделген Орындаушының анықталған кемшіліктерді жою мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін кемшіліктер анықталған Қызметтер құнының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ бұл Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспауы тиіс;

7.2.9. Шартта белгіленген өзге де міндеттемелерді орындау мерзімдерін сақтамағаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспауы тиіс;

7.2.10. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында өзінің бірлесіп орындаушыларының өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Орындаушы өзінің бірлесіп орындаушылары алдында Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.11. Орындаушы Шартты орындау барысында Тапсырыс берушінің мүлкіне, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкіне, өміріне және/немесе денсаулығына өзі келтірген зиянға байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады;

7.2.12. Техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге сапасыз қызмет көрсетудің әрбір жол берілген жағдайы үшін мұндай жағдай анықталған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Шарттың жалпы сомасынан 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұдан бөлек, Орындаушы Тапсырыс берушіге осыдан келтірілген барлық шығындарды өтейді;

7.2.13. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдардың) сомасын және осыған байланысты туындаған шығындарды енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы;

7.2.14. Орындаушы Тапсырыс берушінің ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) саласындағы талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге міндеттенеді;

7.2.15. Қызмет көрсету процесінде орын алған авариялар, инциденттер және жазатайым оқиғалар үшін Орындаушының кінәсі болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды толық көлемде өтейді;

7.2.16. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде өзі жол берген табиғат қорғау заңнамасы талаптарының бұзылуы нәтижесінде Тапсырыс берушіге келтірілген зиян үшін жауапты болады;

7.2.17. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде өзі жол берген табиғат қорғау заңнамасы талаптарының бұзылуы салдарынан Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға келтірілген шығындарды өтеуге міндеттенеді;

7.2.18. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде өзі жол берген табиғат қорғау заңнамасы талаптарының бұзылуы үшін Тапсырыс беруші жауаптылыққа тартылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

7.2.19. Орындаушы Қызметтер көрсетілген аумақтағы, жұмыс алаңындағы және оған іргелес аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсер етуінің теріс салдарларын толық жоюды қамтамасыз етеді;

7.2.20. Орындаушының Қызметтерді көрсету процесінде табиғат қорғау заңнамасын бұзуына байланысты айыппұлдарды, талап-арыздар мен талап қою сомаларын төлеу жөніндегі шығыстары Тапсырыс беруші тарапынан өтелуге жатпайды;

7.2.21. Орындаушы осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Орындаушы осы Шарт шеңберінде табыс есептеген/алған/өткізу бойынша айналым орын алған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін Тапсырыс берушіні салықтық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органдар анықтаған, өзінің және (немесе) өзінің 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің салық заңнамасы талаптарын бұзғаны үшін және мынадай оқиғаларға әкеп соққан бұзушылықтар үшін жауапты болады:Тапсырыс берушіге корпоративтік табыс салығын (КТС) және (немесе) қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды қосымша есептеу;Тапсырыс берушінің КТС бойынша ауыстырылатын салықтық шығындарын және (немесе) ҚҚС бойынша дебеттік сальдосын азайту;Тапсырыс берушіге қайтарылуға жататын қосылған құн салығының асып кетуін растамау;Тапсырыс берушінің бұдан бұрын бюджеттен қайтарылған ҚҚС асып кету сомаларын бюджетке төлеуі.Жоғарыда көрсетілген шарттар туындаған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мынадай мөлшердегі соманы өтеуге міндеттенеді:жоғарыда аталған салықтар бойынша қосымша есептеулер, сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын;азайтылған салықтық шығындар сомасынан 20%;ҚҚС-тың расталмаған асып кету сомасын;бұдан бұрын бюджеттен қайтарылған, бюджетке төленген ҚҚС асып кету сомасын.Салық заңнамасын бұзу критерийлеріне Орындаушы және (немесе) оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттері заңды мекенжайы бойынша болмаған, ЭШФ жазып беру бойынша шектеулері бар, салықтар бойынша берешегі бар, жалған кәсіпорындар деп танылған, банкрот деп танылған, әрекетсіз деп танылған, олар бойынша тіркеу жарамсыз деп танылған, заңнама нормаларын бұза отырып қайта ұйымдастырылған және (немесе) салық төлеушінің сенімсіздігінің басқа да белгілеріне сәйкес келетін және (немесе) салық заңнамасының өзге де бұзылуына әкеп соғатын мынадай (олармен шектелмей, соны ішінде) фактілер жатады.

7.2.22. Қызметтер сапасыз көрсетілген жағдайда, Орындаушы кемшіліктер жойылғанға дейін Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған тиісті актіні жасау арқылы мұндай жағдай анықталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге сапасыз көрсетілген Қызметтер сомасынан 10 (он) пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.23. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді толық көлемде көрсетпеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) баламалы соманы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспауы тиіс;

7.2.24. Шарттың 4.1.34-тармағы бұзылған жағдайда, Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнынан 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Орындаушы айыппұлды төлемеген жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы;

7.2.25. Орындаушы Шарттың 4.1.33-тармақшасында көзделген міндетті бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Факторинг шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасынан 30% (отыз пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Шарттың 4.1.2-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

7.5.2. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

7.5.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін тиісті Көрсетілген қызметтер актісінде көрсетілген соманың 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ бұл Көрсетілген қызметтер актісі сомасының 10%-ынан аспауы тиіс;

7.5.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Орындаушының Қызметтерді көрсетуі үшін Тапсырыс берушінің құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы;

7.5.5. Тапсырыс беруші Орындаушының кез келген қызметкерінің Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған, сондай-ақ олардың ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) талаптарын бұзуы жағдайында алған жарақаттары, мертігулері немесе өлімі үшін жауапты болмайды.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығын үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Қызметтерді нақты көрсеткен кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.3.1. Тапсырыс беруші Орындаушы Тараптар келіскен ӨҚ (өндірістік қауіпсіздік) саласындағы іс-шараларды белгіленген мерзімде орындамаған, тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.3.2. Орындаушы Тапсырыс беруші Шартта көзделген төлем мерзімін қатарынан 2 (екі) айдан астам уақытқа бұзған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.3.3. Шарттың 8.3, 8.4-тармақтарында көзделген жағдайларда, оны бұзуға бастамашылық жасайтын Тарап екінші Тарапқа Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Бұл ретте осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, соның ішінде заңды мекенжайының өзгеруі себебінен бұл хабарлама Орындаушының кінәсінен алынбаған жағдайда да осылай деп танылады. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарт бұзылған күнге іс жүзінде көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтердің ақысын төлейді. Шартты бұзу туралы хабарлама пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны ресімдей отырып, тапсырыс хатпен жолдануы немесе екінші Тараптың уәкілетті өкіліне жеке өзіне табыс етілуі тиіс.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушы Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

9.1. Орындаушы Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан 3% мөлшерінде, Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна түрінде не Шартқа №5 қосымшаға сәйкес ресімделген және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған сәтке дейінгі қолданылу мерзімімен банктік кепілдік түрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті

9.2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы айлық есептік көрсеткіштің 170 000 еселенген мөлшерінен асқан және Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі ретінде банктік кепілдікті таңдаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде мынадай банктердің кепілдігін қабылдайды:1) мынадай критерийлерге сәйкес келетін ҚР екінші деңгейдегі банкінен (бұдан әрі – ЕДБ):банктік кепілдік берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындауы;Standard&Poor's / Fitch бойынша «B-» немесе Moody's Investors Service бойынша «B3» деңгейінен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің не бас ұйым рейтингінің болуы. ЕДБ-де рейтинг болмаған жағдайда, осы ЕДБ-нің акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей тиесілі акционердің (қатысушының) рейтингі есепке алынуы мүмкін, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса;2) шетелдік заңнамаға сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын және Standard&Poor's / Fitch бойынша «BBB» немесе Moody's Investors Service бойынша «Baa2» деңгейінен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктен.Бірнеше рейтинг болған жағдайда, есепке олардың ішіндегі ең нашары алынады. Бұл ретте банк Шартты орындаудың бүкіл мерзімі ішінде осындай критерийлерге сәйкес келуі тиіс, әйтпесе – Орындаушы Рейтинг өзгерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен кепілдік ұсынуға міндетті.

9.3. Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынған банктік кепілдік бойынша Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банкте ала алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жаңа банктік кепілдік ұсынуға міндетті.

9.4. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.5. Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын және осыған байланысты туындаған шығындарды енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы.

9.6. Егер Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде сақтандыру шартын қабылдаса, онда мұндай шарт Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес келуі және сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтаған сақтандыру ұйымымен берілуі тиіс. Сақтандыру шартына нөлдік шартты франшиза талаптарымен қол қойылуы керек.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат-хабар алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе кімнің де болсын шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше келісілмесе, онда хат-хабар алмасудың мұндай түрі негізсіз бас тартуларсыз және кешіктірулерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабар алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарттың нөмірі көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

10.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шартқа Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және ____ дейін, өзара есеп айырысулар бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін, Орындаушының салық заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайдағы міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде (Шарттың бұзылуына қарамастан) – Шарт бойынша соңғы табыс есептелген/алынған/өткізу бойынша айналым орын алған күннен бастап 5 жыл өткенге дейін қолданылады

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмай қалған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы мұндай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептерін хабарлауға, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті орган берген, осындай мән-жайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа барабар шегеріледі.

12.4. Жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, Тараптар ешқандай мән-жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қаралмайтынына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір тәсілмен алып тасталуы немесе шектелуі мүмкін еместігіне келісті.

12.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы аяқталғаннан кейін еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осындай мән-жайлардың қолданысы тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға, бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанатын мерзімді көрсетуге міндетті.

12.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар Шартты бұзу болжанатын күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты хабардар ете отырып, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұдан кейін осы Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарт бұзылған күнге іс жүзінде көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтердің ақысын төлейді.

13. Дауларды шешу тәртібі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тапсырыс беруші Шарттың екінші Тарапын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Екінші Тарап Шартты жасасу арқылы Тапсырыс берушінің Саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын сақтауға және олардың қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілерде және шетел мемлекеттерінің заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасамауға міндеттенеді.

14.9. Осы Шарттың мақсаттары үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасының немесе Тараптың болатын және/немесе бизнес жүргізетін елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу кезінде жасалатын қасақана әрекеттер не Тараптар қызметкерінің ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық не моральдық сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтарды алу мақсатында Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы өзінің қызметтік жағдайын өзге де заңсыз пайдалануы, не басқа жеке тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алуы (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жатады.

14.10. Тарапта Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізді болжам туындаған жағдайда (екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауына байланысты қылмыстық істің қозғалғаны туралы ақпарат не Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де сенімді ақпарат алынған кезде), мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тиісті фактілерді көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді (бұдан әрі – Хабарлама) және екінші Тараптан Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың орын алмағаны немесе орын алуы мүмкін еместігі туралы растауды алғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Аталған растауды екінші Тарап Хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынуы тиіс.

14.11. Тапсырыс беруші Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы сенімді ақпарат алған кезде және осы баптың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ережелерін сақтаған жағдайда, екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жолдай отырып, Шартты орындаудан толық немесе ішінара біржақты тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шарттың бұзылуынан келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

14.12. Шарттың екінші Тарапында Шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Шарттың екінші Тарапы бұл туралы Қоғамға кез келген ыңғайлы тәсілмен, соның ішінде байланыс ақпараты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желі» арқылы дереу хабарлауға міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты жасасу кезінде және Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау барысында өзі қол жеткізген екінші Тараптың құпия ақпаратын жария етпеуге (үшінші тұлғаларда нормативтік құқықтық актінің тікелей нұсқауы бойынша тиісті өкілеттіктер болған жағдайларды, не екінші Тарап Шарттың 15.1-тармағына сәйкес айқындалатын құпия ақпаратты ұсынуға жазбаша нысанда келісім беретін жағдайларды, сондай-ақ Шарттың 15.4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кез келген үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге) міндеттенеді. Егер өзгеше келісілмесе, бұл міндеттемені Тараптар осы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде және Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде орындайды.

15.4. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың құпия ақпаратын алуға/жолдауға, өңдеуге жауапты тұлғаны тағайындауға және Шарт жасасылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осындай тұлғаның электрондық пошта мекенжайын жолдауға міндеттенеді. Тараптар, Тараптардың жауапты тұлғалары электрондық тасымалдағыштардағы ақпараттық файлдарды құпия сөзбен қорғау, қағаз тасымалдағыштардағы құжаттарға қатысты арнайы іс қағаздарын жүргізу арқылы екінші Тараптың құпия ақпаратын және екінші Тарапқа жолданатын өзінің құпия ақпаратын қорғау бойынша шаралар қабылдауға міндеттенеді.

15.5. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа оның құпия ақпаратын Шарттың 15.1, 15.3, 15.4-тармақтарын бұза отырып жария ету салдарынан келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

16. Өзге де шарттар

16.1. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде, бірдей заңдық күші бар 4 (төрт) бірдей данада, әрбір Тарап үшін әр тілде 1 (бір) данадан жасалды. Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар мен Тараптар алмасатын басқа да құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі тиіс.

16.2. Осы Шартқа жасалатын барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса және оларға Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойса, оның ажырамас бөлігі болып табылады.

16.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16.4. Орындаушы осы Шартқа қол қою арқылы:Тапсырыс беруші қаржы агентіне Орындаушы Факторинг шарты бойынша басқаға берген ақшалай талап сомасын төлеген жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіге қандай да бір талап-арыздары және/немесе талаптары болмайтынын растайды;Шарттың 7.2.24-тармағында көрсетілген айыппұлды Факторинг шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға келісім береді;Тапсырыс беруші басқаға берілген ақшалай талап сомасын төлегенге дейін Факторинг шартының кез келген негіздер бойынша бұзылуы Орындаушыны Шарттың 7.2.24-тармағында көзделген айыппұлды төлеу міндетінен босатпайтынына кепілдік береді.

17. Санкциялық ескертпе

17.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

17.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

17.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

17.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тараптар Жаңа санкциялардың Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықтимал әсерін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда, Жаңа санкциялардың мұндай теріс ықпалының алдын алу немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және қисынды шараларды адал талқылау және өз ұстанымдарын келісу үшін кездесу(лер)/келіссөздер жүргізеді («Адал келіссөздер»).

17.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздер нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде, Тараптар келісілген шараларды 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде іске асыру үшін қисынды күш-жігер жұмсайды, не Жаңа санкциялардың бұзылуын немесе олардың Тараптардың осы Шартты орындауына қолданылуын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

17.6. Тараптар Адал келіссөздердің бірінші күні жүргізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа санкциялардың салдарларына әкеп соққан Жаңа санкциялар қолданылатын немесе оған қатысты туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеу туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеу туралы хабарлама») жолдауға құқылы. Мұндай Келісімге қол жеткізбеу туралы хабарлама жолданған жағдайда, Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және шеккен тікелей және (немесе) жанама шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

17.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектеместен, Тараптар осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңгемен жүзеге асыру Жаңа санкцияларға байланысты Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге де себептермен мақсатсыз болған жағдайда, Тараптардың қисынды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа санкциялардың салдарларын болғызбауға мүмкіндік беруі шартымен, 17.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылуға жататынына және мұндай жағдайда 15.5 және 17.6-тармақтардың ережелері қолданылуға жатпайтынына келіседі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17.8. Тараптар халықаралық банктік жүйедегі белгісіздікті ескере отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша қандай да бір төлемдерді АҚШ долларымен не теңгемен жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге де себептермен мақсатсыз болса, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенетінін және Тараптар мұндай төлем жүргізілетін баламалы валютаны («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін бірлесіп жазбаша нысанда келісетінін, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және қисынды жәрдем көрсетуге міндеттенетінін осымен растайды және келіседі.

17.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, осы Шартта қамтылған, олар бойынша төлемдер немесе есептесулер жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (соның ішінде 17.8-тармақты қолданған жағдайда), онда Тараптар мұндай төлемдерді немесе есептесулерді АҚШ долларымен жүзеге асыру мақсаттары үшін бұл сомалар тиісті төлем немесе есептесу күніне (төлем немесе есептесу байланыстырылған күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетініне, немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет-сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса, тиісті төлем немесе есептесу күніне (төлем немесе есептесу байланыстырылған күнге) _____ (басқа елдің баламалы ұлттық банкі көрсетіледі) бағамы бойынша қайта есептелетініне келіседі.

18. Есеп-фактураға арналған деректемелер

18.1. Алушы: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы БСН: 020540003431 Мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, Ақмола обл., Астана қ., ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ көшесі, 6-үй.

18.2. Жүк алушы: «ҚТЖ» «ҰК» АҚ филиалы «Қарағанды пайдалану вагон депосы» Балқаш пайдалану вагон депосы (ВЧД-14 Балқаш) БСН: 250741003749 ЖСК: KZ76601A191028825171 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК: HSBKKZKX Заңды және пошталық мекенжайы: 100103, Балқаш қ., ст.Балқаш-1, Тікшоқы көшесі, 192-ғимарат.

19. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	_____
Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 6	_____
БСН 020540003431	_____
БСК HSBKKZKX	БСН _____
ЖСК KZ376010111000018002	БСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	ЖСК _____
Тел.: +7 (717) 260-5388	_____
_____ _____	Тел.: _____
	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
13466 У	Жеке қорғау құралдарын сынау бойынша қызметтер, Жеке қорғаныс құралдарын сынау бойынша қызметтер	Жеке қорғаныс құралдарын сынау бойынша қызметтер. Слесарь құрал-саймандары.	1.000	1.000	-		2 367.5	ҚАЗАҚСТАН, Қарағанды облысы, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Тікшоқы, здание 192	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Национальная компания "Қазақстан темір жолы", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

